ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

13.06.2019г. № КВГА-13

**«Барыс-Тассай» ЖШС-і
директоры
Т.Т. Құдайберген**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 25.05.2019 жылғы № 44390 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген №3288844-1 «Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 6 мектеп-лицейі» КММ ғимаратының терезелерін күрделі жөндеу» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтерерінің Ескертуінің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Алайда, камералдық бақылау барысында Сіздің конкурстық өтініміңізде жоғарыда аталған құрылыс объектілер бойынша тәжірибені растайтын құжаттардың толық электрондық көшірмелері салынбаған.

Тәжірибені растайтын құжаттар толық салынған құрылыс объектілері Қағидалардың 9 тармағына сәйкес келмейді, яғни функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сәйкес келмейді.

Соған байланысты, Қағидалардың 155 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия заңды түрде Сіздің конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибелер үшін шартты жеңілдіктерді қолданбаған.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /қол қойылған/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-76-08